

**Кундакова Макпал Жанаткалиевнаның бD030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Көші-қон қылмыстылығына қарсы күрес проблемалары» атты тақырыптағы дайындалған диссертациялық жұмысына**

**ПІКІР**

Диссертациялық жұмыс кәзіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі көші-қон қылмыстылығына қарсы күрес жүргізуде орын алатын мәселелерге арналған.

Дүние жүзінде орын алып жатқан жаһандану процесі, мемлекеттер арасындағы әскери жан-жанжалдар, жекелеген мемлекеттерде орын алған экономикалық күйзелістер және т.б. жағдайлар көші-қон процесінің одан сайын үдей түсуіне негіз болды. Қазақстанда да сыртқы және ішкі көші-қон белсенділік танытуда. Біздің еліміздің аумағы бірқатар мемлекеттердің азаматтары үшін Еуропа мемлекеттеріне транзиттік өту аумағы болып танылса, өзге көршілес мемлекеттердің азаматтары үшін табыс табу орнына айналуға. Мұндай процеспен бірге көшіп-қонушылар тарапынан жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың деңгейінің де өсе түсетіндігі белгілі және олардың мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, қоғам мен адам өмірінің әртүрлі жақтарына жағымсыз ықпалы да жоғары. Аталған жағымсыз құбылыспен күрес жүргізуде орын алатын мәселелер осы ғылыми ізденістің пәні ретінде орын алған.

Докторанттың қорытындылары мен ұсыныстары заңи дереккөздерді, елеулі көлемдегі арнайы ғылыми еңбектерді және тәжірибелік материалдарды талдау және жалпылау негізінде қалыптастырылған. Аталған қорытындылар мен ұсыныстар қолданыстағы Қылмыстық заңды, көші-қон аясындағы нормативтік құқықтық актілерді, көші-қон қылмыстылығымен күрестегі құқық қорғау органдарының қызметін әрі қарай жетілдіру үшін, сондай-ақ қылмыстық құқық және криминология сияқты ғылым салалары үшін белгілі бір құндылыққа ие болып табылады.

Диссертациялық жұмыста қалыптастырылған қорытындылардың, тұжырымдардың және ұсыныстардың негізділігі және шынайылығы жеткілікті дәрежедегі ғылыми зерттеудің әдістемелік базасымен, эмпирикалық материалдармен қамтамасыз етілген.

Диссертант жалпы ғылыми әдістермен қатар ізденіс барысында статистикалық талдау, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, құрылымдық-қызметтік, топтастыру, жалпылау сияқты жеке ғылыми әдістерді кеңінен қолданған.

Сонымен қатар докторант зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде 2015-2023 жылдар аралығында сотпен шығарылған заңды күшіне енген сот үкімдері, ҚР Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп бойынша Комитетінің 2008-2022 жылдар аралығында қылмыстық істер және әкімшілік істер бойынша қалыптасқан статистикалық мәліметтерді, 300-ден астам қылмыстық істерді пайдаланған.

Диссертацияда халықаралық құқық нормалары, алыс және жақын шет мемлекеттердің қылмыстық заңдары, көші-қон аясындағы нормативтік құқықтық актілер талданған, көші-қон қылмыстылығымен күрес жүргізудің проблемаларына қатысты қылмыстық құқықтық және криминологиялық ғылыми еңбектердің елеулі бөлігі талданған және сыни бағаланған.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы диссертантпен алынған ғылыми нәтижелердің мазмұнымен анықталады. Ғылыми жұмыста «көші-қон», «заңсыз көші-қон», «криминалдық көші-қон» ұғымдарының авторлық анықтамалары қалыптастырылған; көші-қон тәртібін белгілейтін ережелерді бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары сараланған.

Сонымен бірге диссертацияда шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалатын құқық бұзушылықтардың кәзіргі жағдайы, динамикасы мен құрылымы зерттелген, қылмыстық құқықбұзушылық жасаушы шетел азаматының және азаматтығы жоқ тұлғаның жеке басының ерекшеліктері зерттеле отырып олардың криминологиялық мінездемесі қалыптастырылған, сондай-ақ көші-қон қылмыстылығының алдын алу бойынша іс-шаралар жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары анықталған.

Көші-қон қылмыстылығына қарсы күрес жүргізуді құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы қылмыстық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстардың мазмұны мен теориялық негізділігі де жаңалыққа ие.

Зерттеудің теориялық маңызы диссертанттың қылмыстық құқық және криминология ғылымдарының тұжырымдарын әрі қарай жетілдіруге қосқан үлесімен анықталады. Диссертантпен қалыптастырылған қорытындылар мен ұсыныстар көші-қон қылмыстылығы туралы қалыптасқан ғылыми көзқарастарды кеңейтуге және толықтыруға мүмкіндік береді және осы қылмыстылық түріне қарсы тиімді күрес жүргізу үшін негіз болып табылады.

Ал зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы оларды құқық шығармашылығы қызметінде, құқық қолдану қызметінде, оқу процесінде қолданудан тұрады.

Диссертациялық ізденістің құрылымы және көлемі жұмыстың сипатына, оны дайындау деңгейіне қарай негізделген, сондай-ақ зерттеу бойынша алға қойылған мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді.

Диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелер тізімінен, анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, 9 тараушаны біріктіретін екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша тоғыз ғылыми еңбек жарияланды: оның төрт ғылыми мақаласы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, екі ғылыми мақаласы Қазақстан аумағында өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік материалдар жинағында, ал екі ғылыми мақаласы шетелде өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік материалдар жинағында, ал бір мақаласы Web of Science базасына кіретін ғылыми журналда жарияланған.

Осы аталғандардың негізінде Кундакова Макпал Жанаткалиевнаның 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Көші-қон қылмыстылығына қарсы күрес проблемалары» атты тақырыптағы дайындалған диссертациялық жұмысы осы тектес ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді және оны көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Отандық ғылыми кеңесшісі:**  
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
**қылмыстық құқық, қылмыстық**  
**іс жүргізу және криминалистика**  
**кафедрасының меңгерушісі,**  
**заң ғылымдарының докторы,**  
**профессор**



**Джансараева Р.Е.**